**Батыс Қазақстан облысы**
**Казталов ауданы**
**"Нұрхан"ЖК**
**Балбөбек жеке бөбекжайы.**

Бекітемін:

«Балбөбек» жеке бөбекжайының директоры: А.А.Төлеуғалиев

**«Балапан» кіші тобының 2023-2024 оқу жылына**
**арналған ата-аналармен жұмыс жоспары**

**2023-2024 оқу жылында ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары**
**Топ: «Балапан»**

**Мақсаты:** Мектепке дейінгі оқу-тәрбие үдерісінде отбасы мен бөбекжай ынтымақтастығын нығайту, ата-аналардың педагогикалық біліктілігін арттыру және баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуда бірыңғай тәрбиелік кеңістік қалыптастыру.

| № | Тақырыбы | Өтілетін уақыты | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1. | 1.«Жаңа оқу жылында 2 жастағы балаларды **тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттері»**<br>**№1 ата-аналар жиналысы**<br>2.Психологиялық тренинг:<br>Кеңес беру: «Бөбекжайдағы адаптация»<br>**«Отбасы күні»** мерекелік шара | Қыркүйек | Әдіскер: А.Жумагалиева<br>Тәрбиешілер: **Т.Қабдықалықова**<br>Т.Жумагалиева |
| 2. | **1. Шеберлік сағаты:** «Заманауи зетта ұрпақтары. Балалардың қазіргі қызығушылықтары»»<br>**2.Күзгі көрме:** «Арайлы алтын күз»<br>**атты мерекелік ертеңгілігіне дайындық.(кастюм, бетперде)**<br>**Ертеңгілік:** «Мен Отанды сүйемін»<br>**3)Ашық есік күні**<br>**Челлендж.Әжелер мектебі** | Қазан | Тәрбиешілер: Т.Қабдықалықова<br>**Т.Жумагалиева**<br>Ата-аналар |
| 3. | **1.«Әкем, анам және мен» спортттық сайыс.**<br>**2. Ата-аналарға кеңес: «Дұрыс тамақтанудың маңызы»**<br>3.«Көшеде және үйде қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері» ақпарат стендінде кеңес<br>**Алтын күз көрмесі.Аналар мектебі** | Қараша | **Тәрбиешілер: Т.Қабдықалықова**<br>Т.Жумагалиева<br>**Ата-аналар** |
| 4. | 1.«Мектепке дейінгі ұйым жағдайында балаларды бейімдеу мәселелері» **№2 ата-аналар жиналы**<br>**Тәрбие сағаты:** «Тәуелсіздік төрінде»<br>**Дөңгеле үстел:** «Бала денсаулығын нығайтуда таза ауаның маңызы»<br>**2. Жаңа жылдық мерекені өткізу**<br>**Көрме:** «Келді міне,Жаңа жыл» қол бұйымдары **көрмесі** | Желтоқсан | Тәрбиешілер: Т.Қабдықалықова<br>Т.Жумагалиева<br>**Медбике: Р.Тулегенова** |
| 5. | **1.Апталық: «Қыс қызықтары»**<br>«Шынықсақ шымыр боламыз» қысқы ойындар<br>**2.« Қысқы ғажайыптар әлемі» ертегілерден көрініс**<br>**(Сахналау,музыкалық іс-әрекет) шеберлік сабағы**<br>**«Әжемнің шипалы емі» Әжелер мектебі**<br>**4. Ашық есік күні** | Қаңтар | Тәрбиешілер: Т.Қабдықалықова<br>Т.Жумагалиева<br>Медбике: Р.Тулегенова<br>Ата-аналар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6. | **1.Дөңгелек үстел ата-аналармен**<br>**Кеңес беру:** «Баланы бұзуға, түзеуге болатын бір ғана шарт – жас күнде көрген өнеге<br>Тәрбиешілердің күн тәртібіне байланысты ұйымдастырылған іс-әрекет жұмысын топта көрсетуі.<br>2.**«Балабақшадағы бір күнім»** ата-аналардың қатысуымен<br>**3.Ғажайып қыс коллаж.**<br><br>**«Ерте жастағы сөйлеуді дамыту»Аналар мектебі** | Ақпан | Тәрбиешілер: Т.Қабдықалықова<br>Т.Жумагалиева<br><br>Ата-аналар |
| 7. | 1.«Баланың ұсақ моторикасы және оның сөйлеумен байланысты» **№3 ата-аналар жиналысы**<br><br>**Мерекелік ертеңгіліктер**<br><br>**«Анарлар -асыл жандар» мерекелік шара**<br>**2.Салт-дәстүрді сақтаймыз**<br>«Отбасы бақыт мекені» бейнеролик.<br>**Аналар мектебі**<br>**(Наурыз мерекесіне байланысты салт –дәстүр көрсету. Әжелер, әкелер, аналар мектебі қатысуымен)**<br>**3 .8 наурыз «Ана өмір шуағы»**<br>**22 наурыз «Наурыз жыл басы»**<br>«Наурызнаманы» көлемді тойлау. | Наурыз | Тәрбиешілер: Т.Қабдықалықова<br>Т.Жумагалиева<br><br>Медбике: Р.Тулегенова<br><br>Ата-аналар |
| 8. | **1. «Атаңнан мал қалғанша,тал қалсын» челлендж**<br>**2. Сауалнама: «Бала тілін дамыту бойынша ата-аналарға арналған сауалнамалар»**<br>**3. Эко-акция: «Әжеммен бірге гүл егемін!» Әжелер мектебі**<br>**4.Ашық есік күні** | Сәуір | Тәрбиешілер: Т.Қабдықалықова<br>Т.Жумагалиева<br><br>Ата-аналар |
| 9. | **1.**«Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» **№4 ата-аналар жиналысы**<br><br>**2.Ертеңгілік: «Достығымыз жарасқан»**<br><br>**3.** 7,9 мамыр мерекелік шара<br>**«Біздің батыр бабалар» консилиум**<br>**Әкелер мектебі**<br>**4.Жазғы сауықтыру жоспары**<br>**5. Кеңес беру:**<br>- Жазғы демалыстың қауіпсіздігін ұйымдастыру | Мамыр | Тәрбиешілер: Т.Қабдықалықова<br>Т.Жумагалиева<br><br>Медбике: Р.Тулегенова<br><br>Ата-аналар |

2 (екі) бет нөмірленіп, баумен
тігілді, мөрленді

«Нұрхан» ЖК жетекшісі А.А.Төлеуғалиев

ИП
"Нұрх

«Балбөбек» жеке бөбекжайы

# Ата-аналар жиналысының хаттамалары

«Балапан» кіші тобы

2023-2024 оқу жылы

№1. Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Өткізілген күні: 13-қыркүйек 2023 ж
Өткізілген орны: Бөбекжай акт залы
Жас тобы: „Балапан" кіші тобы
Жиналысқа қатысушылар саны: 15

Жиналыс тақырыбы: „Жаңа оқу жылында 2 жастағы балаларды тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттері."
Өткізу формасы: конференция.

Күн тәртібі:

1. Екі жастағы балалардың жас ерекшеліктері. Жауапты тәрбиеші Қабдықалықова Т.Т.
Сауалнама „Менің ішкекім..." жауапты тәрбиеші Жұмағалиева Т.К.

2. Екі жастағы балаларды тобы 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу мен оқытудың мақсаттары мен міндеттері. Практикалық жаттығу «Баланың тапсырмасын орындау» тәуапты тәрбиеші Қабдуқалықова Т.Т.
3. Шешімдер қабылдау.
4. Әртүрлі мәселелер.

Барысы:

1. Тәрбиеші Жумагалиева Т. сәлемдесу шеңберін өткізеді. Содан кейін топтың педагогтер мамандары, қызметкерлерімен (медицина қызметкері, аспаз, тәрбиеші көмекшісі) таныстырылды. Тәрбиешілер бабеннайға, топқа келер алдында ата-аналар не күтетіні туралы блиц-сауалнама жүргізді.

...ші жас тобындағы мектеп жасына
дейінгі балаларды тәрбиелеу мен
оқыту процесін ұйымдастыруды
реттейтін негізгі заңнамалық
құжаттар келтірілді.
Ата-аналар бұл мәселені тал-
қылауға белсенді қатысты.
2. «Балапан» кіші тобының бір-екі
жастағы тәрбиеленушілерің 2023-
2024 оқу жылында тәрбиелеу мен
оқытудың жылдың міндеттері
туралы тәрбиеші Қабдұламитова Т.
айтып берді.
3. Тәрбиеші Жұмағалиева Т. кіші
жас топтарының күн тәртібімен
таныстырды. Ол күн тәртібі мынадай
құжаттардың бірі негізінде жасала-
тына атап өтті. Бағдарламада бөбек-
жайдағы күн режимі балалардың
қабілеттіліктері ескерілген.

4. Әртүрлі мәселелер.
Жаңа оқу жылына ата-анала
комитетін сайлау жөнінде
мәселе әртүрлі бөліміне енгізілд

Қаулы:

1. Бала дамуындағы өзгерістер
2 жастағы балалардың жасқ
тән ерекшеліктер ретінде қаб
данған, Қазақстан Республика
оқыту мектепке дейінгі жас
ты балаларды оқыту мен білі
берудің Мемлекеттік стандар
тары негізінде тәрбиелеу мен о
ту процесінде ескерілсін.
2. Ата-аналар балалардың
дамуындағы, қажеттіліктері
өзгерістерге сезімтал және мұқ
болып, балалардың тілектеріне
құрметпен қараса. Қауіпсіз

ті қамтамасыз етсін, оған мейір-
імділік пен сүйіспеншілік танытсын.
3. Кіші жас тобында 2023-2024
оқу жылына ата-аналар
комитеті мына құрамда бекі-
тілсін: ата-аналар комитетінің
төрағасы: Әзимсенова Г.; ата-
аналар комитетінің мүшелері-
Анаева А. Бахитов Т.; хатшы-
Фатхамина А.

Ата-аналар жиналысы өткізілген
күні: 13.09.2023ж.
Ата-аналар комитетінің төрағасы:
Әзім[signature]

Хатшы: Фат[signature]

№2 Ата-аналар жиналысы

Өткізілген күні: 11-желтоқсан 2023ж
Өткізілген орны: „Балапан" кіші тобы бөлмесі;
Жас тобы: „Балапан" кіші.
Өткізу формасы: дөңгелек үстел
Жиналысқа қатысқандар саны:
Жиналыстың тақырыбы:
„Мектепке дейінгі ұйым жағдайында балаларды бейімдеу мәселелері"

Күн тәртібі:

1. Мектепке дейінгі ұйым жағдайында балаларды бейімдеу нәтижелері
Жауапты: Қабдуғалиұова Т.
2. Балалардың бөбекжайға бейімделуі. Жауапты: Жумагалиева Т.

Тыңдалды:

Тәрбиеші Жумагалиева Т. сәлемдесу, шеңберін өткізеді. Ал „Балапан" кіші тобының тәрбиеленушілерін

тәрбиелеу және оқу процесі үшін
тәрбие мен оқыту бағдарламасының
міндеттеріне сәйкес жүргізіліп жат-
қанын, бұған арнайы мониторинг
қорытындылары бойынша үлгерімнің
деңгейі бағыт сапалатының атап
өтті. Іс тәжірибімен таныстырылды.
Бастамада тәрбиеші Қабдолқайырова Т.
шағын топтарда „Баланың сәтті
дамуы үшін бөбекжайға бейімделу
кезеңі қаншалықты маңызды?" атты
дискуссия ұйымдастырылды.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқы-
тудың үлгілік бағдарламасының
мазмұнын меңгеру бойынша „Балапан"
кіші топ тәрбиеленушілері жетістік-
терінің арнайы мониторинг қорытынды-
сы бойынша тәрбиеші Жұмағалиева Т.
сөз сөйледі.
3. Ағымдағы мәселелер:

мед. қызметкерлері Жұмағанова Р.
қыс мезгілінде денсаулықты нығайтуда, жіті респираторлық
аурулардың алдын алуда қадағалау, сондай-ақ ЖРВИ алдын алу
жадынама таратылды.

Қаулы:

1. Ата-аналар топ педагогтері, мед. қызметкерлерімен жиналысу
мен консультациялар шыдаған тоқтасыз баланың бөбекжайға бейімдеу.
Ойын іс-әрекеттері, тоқтаусыз режимді сақтау, шаршаған келген баланың
бейімделуінің ептігі, объективтігі, бұнан өтетін іс-шаралар деп
саналсын.

2. 2023-24 оқу жылында „Балапан" кіші тобы тәрбиеленушілері жетістіктерінің
аралық мониторинг нәтижелері қанағаттанарлық деп

есептелсін. Арнайы түзетулер баланың жеке даму карталарының толтарына сәйкес жүргізілсін.

3. Суық кезеңде балалардың денсаулығы жағдайын бақылауда ұстау, гипотермияға жол бермеу. Мед. мамандардың ұсынымын қолдана отырып, ЖРВИ-дің алдын алу.

Ата-аналар жиналысының өткізілген күні: 11.12.2023ж.

Ата-аналар комитетінің төрағасы: Ақсиса

Хатшы: Фатб

№3 Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Өткізілген күні: 13-наурыз 2024ж

Өткізілген орны: „Балапан" топ бөлмесі.

Жас тобы: „Балапан" кіші

Өткізілу формасы: педагогикалық идеялар жәрмеңкесі.

Жиналысқа қатысқандар: 15 адам

Жиналыстың тақырыбы:

„Баланың ұсақ моторикасы және оның сөйлеумен байланысы."

Күн тәртібі:

1. Баланың ұсақ моторикасы және оның сөйлеумен байланысы.

2. Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар жәрмеңкесі

Тыңдалды:

1. Қолдың ұсақ моторикасы және оның баланың сөйлеуімен байланысы мәселесі жөнінде тәрбиеші Қабдолуалиқызова П. сөз сөйледі. Ол ерте балалық шақ балалардың ерекшеліктері және қажеттіліктерімен бірге жүретінін және ата-аналардың педагогтердің мұқият күтім жасауын, оқуын және қолдауын қажет ететінің, сөйлеуді дамытудың негізгі көзі болып саналатыны айтты. Маман қолдың ұсақ моторикасын дамыту бойынша келесі іс-әрекеттерді мысалға келтірді. Бұлшықет тонусына арналған ойнау, саусақ гимнастикасы, сенсорлы ойындар, мүсіндеу, аппликация, сурет салу т.б. жатады.

2. Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар жиынтығын тәрбиешілер ұйымдастырады. Ата-аналарға импровизацияланған сөрелерге ойын-тапсырма карточкаларын дайындады.

Ата-аналарға: [illegible] саусақ гимнастикасын, бау байлайтын ойындар, жармаларымен ойындар, мүсіндеу, аппликация, сурет салу, штрихтау, сурет салу ойындарын ойнатуын көрсетілді.

3. Ағымдағы мәселелер:

2023-24 оқу жылының наурыз айында мерекелік іс-шаралар ұйымдастыру мәселесі бойынша тәрбиешілер сөз сөйледі:

Мерекелік іс-шара кезіндегі қауіпсіздік ережелері түсіндірілді.

Қорытынды:

1. Қолдың ұсақ моторикасының дамуы балалардың сөйлеуінің дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, ерте балалық шақ ең маңызды кезең деп саналады.

2. Отбасы жағдайында қолдың ұсақ моторикасын дамытуға бағытталған ойындар мен жаттығуларды ұйымдастыру және өткізу әдістемесі бойынша ата-аналарға арналған нұсқаулықтар тұрақты түрде шығару ұйымдастыру.

3. МДҰ жарысына СӨС және қауіпсіздік ережелеріне сәйкес, жұмысын бекіткен кесте бойынша қоғамдық мерекелерге

қатысуды жүргізілсін.

Ата-аналар жиналысын
өткізген күн: 13.03.2024ж
Ата-аналар комитетінің
төрағасы: Әзиден

Хатшы: Фатр-

№4. Ата-аналар жиналысының
хаттамасы.

Жас тобы: „Балапан" кіші.
Өткізілген күні: 17-мамыр 2024ж
Өткізілген орны: „Балапан" тобы
Өткізу формасы: Кеңесшу
Жиналысқа қатысушылар саны: 14 адам

Жиналыстың тақырыбы:
„Балалардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы"

Күн тәртібі:

1. Балалардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы. Жауапты Қабдығалиқова Т. тәрбиеші.
2. Кіші жас тобы балаларының бағдарламаны меңгерту нәтижелері. Баланың даму картасы бойынша

жұмыс нәтижелері. Тақырыпты тәрбиесі Жұмағалиева Т.

3. Жазғы сауықтыру негізінде дайындау мәселелері.

4. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша балалардың денсаулығы бойынша оның дамуына зиян келтіретін ақпарат түрлерінің санаттарын есте ұстау керек. Мысалы: мазмұндағы зорлық-зомбылық, қатыгездік, агрессия, зорлық-зомбылық көріністері. Балаларға тыйым салынған мазмұны бар материалдар. Қорқынышты үрей тудыруға мұн-жалған немесе манипуляциялық деректер.

Ата-аналарға қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар

1) Ата-ананың бақылауы және бала тәрбиесіне белсенді қатысу.
2) Гаджеттерді алып тастау, шектеу пайдалану уақытын бақылау.
3) Белсенді өмір салтын ұстану. таза ауада ойнау, ересек адамдармен қарым-қатынас жасау.
2. Кіші жас тобына жүргізілген талдау мониторинг қорытындысы бойынша есепті ұсыну. Баланың даму картасы бойынша жұмыс нәтижелері талқыланды.
Баланың жеке даму карталарында іс-әрекеттің түзеу жоспарын жоспарлау бойынша қорытындылар шығарылды.
3. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық.

– таза ауадағы шынықтыру ойындар-мен іс-әрекеттер ұйымдастыру.
– таңғы гимнастика, шынықтыру процедуралары (табанаяқ жүру, күн және ауа ванналары, су құйыну)
– ағзадағы дәрумендерді сақтау үшін мәзірге балғын көкөністер жемістер шырын сусындар қосу.

4. Ағымдағы мәселелер:
Балаларды қорғау күніне дайындалуға қатысты мәселелер.

Қаулы:

1. Ата-аналарға баланың денсаулығына зиян келтіретін ақпараттан қорғау шараларын сақтау, бақылауды күшейту, баланы тәрбиелеуге белсенді қатысу, онымен таза ауада ойнау, қыдыру, шығу

мамандығымен алмасу туралы кеңес берілсін.

2. Бағдарламаны меңгеру „Балапан" кіші топ тәрбиеленушілерінің 2023-24 оқу жылындағы жетістіктерінің мониторинг нәтижелерін талдауларына қанағаттанарлық деген баға берілсін.

3. Балаларды сауықтыру, қауіпсіздігін, дамыту ата-аналармен ынтымақтастық қағидаттарын ұстана отырып, балалардың физикалық жағынан қауіпсіз дамуы және денсаулығын нығайту үшін жағдай жасалсын.

4. Әкімшілікпен келісілген және нақтыланған кестеге, СанПиН нормаларына сай Балаларды қорғау күні мерекесіне дайындық жүргізілсін.

Ата-аналар жиналысы өткізіл-
ген күні: 17.05.2024ж.
Ата-аналар комитетінің
төрағасы: Азисей

Хатшы: Батыр-

12 (он екі) **бет нөмірленіп, баумен тігілді, мөрленді**

«Нұрхан» ЖК жетекшісі: А.А.Төлеуғалиев

Казталовка ауданы Көктерек ауылы «Нұрхан» ЖК

«Балбөбек» жеке бөбекежайы

Тақырыбы:

# «Әкем,анам және мен»

Топ тәрбиешілері: Т.Т.Қабдықалықова

Т.Қ.Жұмағалиева

2023-2024 оқу жылы

# «Анам, әкем және мен – спорт сүйер жанұя»

**Мақсаты:**

Отбасылық құндылықтарды нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау, ата-ана мен баланың бірлескен спорттық белсенділігін арттыру.

**Міндеттері:**

Отбасын спортпен шұғылдануға ынталандыру;

Балалар мен ата-аналардың өзара қарым-қатынасын нығайту;

Ептілікке, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Қатысушылар:

Балабақша тәрбиеленушілері, ата-аналар, педагогтер.

Қажетті құралдар:

Доптар, құрсаулар, кеглилер, секіртпе, эстафеталық таяқша, жалаушалар, марапаттау дипломдары мен медальдар.

Іс-шара барысы

I. Ашылу бөлімі

Қатысушыларды қарсы алу.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны.

Жүргізушінің құттықтау сөзі.

Командаларды таныстыру.

II. Негізгі бөлім

1. «Жылдам отбасы» – эстафеталық жүгіру.

2. «Допты дәл жеткіз» – допты кедергілер арасымен алып өту.

3. «Құрсаудан өт» – құрсаулар арқылы жылдам өту.

4. «Кім мерген?» – допты себетке дәл лақтыру.

5. «Бірлік бар жерде – жеңіс бар» – ата-ана мен баланың бірлескен эстафетасы.

III. Сергіту сәті

Жанкүйерлерге арналған жұмбақтар мен сұрақтар.

IV. Қорытынды бөлім

Әділқазылар алқасының қорытындысы.

Жеңімпаздарды марапаттау.

Барлық қатысушыларға алғыс айту.

Естелік суретке түсу.

Күтілетін нәтиже:

Отбасы мүшелерінің бір-біріне деген сыйластығы мен ынтымақтастығы артады.

Балалардың спортқа деген қызығушылығы қалыптасады.

Салауатты өмір салтын ұстануға деген ынта күшейеді.

Ата-ана мен балабақша арасындағы байланыс нығаяды.




ОТБАСЫЛЫ
СПОРТ ЖА

**Казталовка ауданы Көктерек ауылы «Нұрхан» ЖК**

**«Балбөбек» жеке бөбекежайы**

Тақырыбы:

# «Әжемнің шипалы емі»

**Топ тәрбиешілері: Т.Т.Қабдықалықова**

**Т.Қ.Жұмағалиева**

2023-2024 оқу жылы

**Тақырыбы:**

«Әжемнің шипалы емі»

**Мақсаты:**

Ұлттық дәстүрдегі халық емшілігі туралы білімді насихаттау, әжелердің өмірлік тәжірибесін кейінгі ұрпаққа жеткізу, отбасы құндылықтарын дәріптеу.

**Міндеттері:**

Қазақ халқының шипалы өсімдіктері мен дәстүрлі ем-дом түрлерімен таныстыру;

Әжелердің тәжірибесі арқылы денсаулықты сақтаудың жолдарын насихаттау;

Ұлттық салт-дәстүрге деген құрметті арттыру.

**Қатысушылар:**

Әжелер, ата-аналар, педагогтер.

Көрнекіліктер:

Дәрілік шөптер (жалбыз, түймедақ, итмұрын, жөке гүлі), ұлттық ыдыстар, шөп шайлары, көрме, мақал-мәтелдер, слайдтар.

Іс-шара барысы:

**1. Кіріспе бөлім**

Қонақтарды қарсы алу.

Жүргізушінің кіріспе сөзі.

«Әже – халық даналығының қазынасы» тақырыбында қысқаша әңгіме.

**2. Негізгі бөлім**

Әжелердің шипалы ем туралы әңгімесі.

Дәрілік шөптердің пайдасы мен қолданылуы.

Үй жағдайындағы қарапайым ем-дом тәсілдері туралы тәжірибе алмасу.

«Менің әжемнің емі» атты қатысушылардың пікірлері.

**3. Сергіту сәті**

«Мақалды жалғастыр» ойыны.

Шөптердің атауын табу немесе жұмбақ шешу.

**4. Қорытынды бөлім**

Қатысушыларға алғыс айту.

**Естелік суретке түсу.**

Шипалы шөп шайынан дәм тату.

Күтілетін нәтиже:

**Қатысушылар қазақ халқының дәстүрлі ем-дом тәсілдері туралы білімдерін толықтырады, әжелердің даналығы мен тәжірибесіне құрметі артады, ұлттық құндылықтарды бағалауға тәрбиеленеді**





**Казталовка ауданы Көктерек ауылы «Нұрхан» ЖК**

**«Балбөбек» жеке бөбекежайы**

Тақырыбы:

# «Бала денсаулығын нығайтуда таза ауаның маңызы»

**Топ тәрбиешілері: Т.Т.Қабдықалықова**

**Т.Қ.Жұмағалиева**

**2023-2024 оқу жылы**

**Семинар тақырыбы:** **«Бала денсаулығы – басты байлық»**

**Мақсаты:** Аналарға баланың денсаулығын сақтау, нығайту жолдары туралы түсінік беру, бала күтіміндегі дұрыс әдеттердің маңызын түсіндіру.

**Міндеттері:**

- Баланың денсаулығына әсер ететін негізгі факторлар туралы ақпарат беру;
- Дұрыс тамақтану, күн тәртібі, тазалық және шынықтырудың маңызын түсіндіру;
- Ата-аналардың бала денсаулығына жауапкершілігін арттыру.

**Семинар барысы:**

**1. Кіріспе бөлім**

**Тәрбиеші сөзі:**

Құрметті аналар! Бүгінгі семинарымыздың тақырыбы – «Бала денсаулығы – басты байлық». Әр ата-ана үшін баласының дені сау, бақытты болып өсуі – ең үлкен қуаныш. Баланың денсаулығы кішкентай кезінен қалыптасатын дұрыс әдеттерге байланысты.

**2. Негізгі бөлім**

**«Баланың денсаулығын сақтаудың негізгі жолдары»**

**1. Дұрыс тамақтану**

- Баланың жас ерекшелігіне сай пайдалы тағамдар беру;
- Көкөніс, жеміс-жидек, сүт өнімдерін жеткілікті пайдалану;
- Тәтті және газды сусындарды шектеу;
- Тамақтану тәртібін сақтау.

**2. Күн тәртібі**

- Уақытылы ұйықтау және демалу;
- Таза ауада күнделікті серуендеу;
- Ойын мен қозғалыс белсенділігін арттыру.

**3. Жеке тазалық дағдылары**

- Қолды сабынмен дұрыс жуу;
- Тіс тазалығын сақтау;
- Киім мен бөлме тазалығына көңіл бөлу.

**4. Шынықтыру және дене белсенділігі**

- Таңертеңгі жаттығу жасау;
- Қимылды ойындарға қатыстыру;
- Баланы ауа райына сай киіндіру.

**5. Аурудың алдын алу**

- Баланың денсаулығын үнемі бақылау;

- Дәрігер кеңесін уақытылы алу;
- Бөлмені желдетіп, таза ұстау.

### 3. Аналармен пікір алмасу

Сұрақтар:

1. Балаңыздың денсаулығын сақтау үшін күнделікті қандай әрекеттер жасайсыз?
2. Балаңыздың дұрыс тамақтануына қалай көңіл бөлесіз?
3. Үй жағдайында шынықтырудың қандай әдістерін қолданасыз?

### 4. Практикалық бөлім

**«Дені сау бала – бақытты бала» жаттығуы**

Аналар баланың денсаулығына пайдалы 5 әдетті атайды:

- таза ауа;
- дұрыс тамақтану;
- қозғалыс;
- тазалық;
- жақсы көңіл күй.

### Қорытынды:

Баланың денсаулығы – ата-ана мен тәрбиешінің ортақ жауапкершілігі. Баланың бойына салауатты өмір салтын қалыптастыру – оның болашақ өміріне жасалған маңызды қадам.

**Назарларыңызға рахмет!**












**Казталовка ауданы Көктерек ауылы «Нұрхан» ЖК**

**«Балбөбек» жеке бөбекежайы**

Шеберлік сағаты

Тақырыбы:

# «Заманауи Z ұрпағы. Балалардың қазіргі қызығушылықтары»

**Топ тәрбиешілері: Т.Т.Қабдықалықова**

**Т.Қ.Жұмағалиева**

**Шеберлік сағаты**

**Тақырыбы:**

# «Заманауи зетта ұрпағы. Балалардың қазіргі қызығушылықтары»

Мақсаты:

Педагогтердің Z ұрпағының ерекшеліктері туралы түсінігін кеңейту, қазіргі балалардың қызығушылықтарын анықтап, олармен тиімді жұмыс жасау жолдарын қарастыру.

**Міндеттері:**

Z ұрпағының психологиялық ерекшеліктерімен таныстыру;

Балалардың қазіргі қызығушылықтарын талдау;

Педагогтердің тәжірибе алмасуына жағдай жасау.

Қатысушылар:

**Тәрбиешілер, педагогтер.**

Қажетті құралдар:

Интерактивті тақта, түрлі-түсті стикерлер, маркерлер, А3 қағазы, бейнеролик (қажет болса).

Барысы

**I. Кіріспе (5 минут)**

Жүргізуші: «Қазіргі балалар – ақпараттық технология дамыған ортада өсіп келе жатқан Z ұрпағы. Олар әлемді басқаша қабылдайды, қызығушылықтары мен қажеттіліктері де өзгеше. Бүгін осы ерекшеліктерді бірге талқылаймыз.»

II. Танысу тренингі – «Менің балалық шағым» (10 минут)

Қатысушылар өздерінің балалық шақтағы сүйікті ойынын айтып шығады. Кейін қазіргі балалардың қандай ойындарды жақсы көретінін атайды.

**Талқылау:**

Қандай айырмашылық байқадыңыз?

Қазіргі балалардың қызығушылығы неге өзгерді?

III. Теориялық бөлім (10 минут)

Z ұрпағының ерекшеліктері:

Цифрлық технологиямен ерте танысады;

Ақпаратты жылдам қабылдайды;

Көрнекілік пен интерактивтілікті жақсы көреді;

Еркін пікір айтуға бейім;

Қызықты әрі қысқа тапсырмаларды ұнатады;

Шығармашылыққа қызығушылығы жоғары.

IV. Топтық жұмыс – «Қазіргі балалар нені жақсы көреді?» (15 минут)

Қатысушылар 3 топқа бөлінеді.

1-топ – Балалардың қызығушылықтары.

2-топ – Педагог қандай әдістер қолдануы керек?

3-топ – Бөбекжайда балаларды қызықтыратын ойындар мен іс-әрекеттер.

Әр топ постер жасап, қорғайды.

V. Практикалық бөлім – «Идеялар коржыны» (10 минут)

Әр қатысушы қазіргі балаларға қызықты болатын бір ойын немесе әдісті стикерге жазып, ортақ плакатқа жапсырады.

Мысалы:

LEGO құрастыру;

Робототехника элементтері;

Интерактивті ойындар;

QR-квест;

Құм терапиясы;

Тәжірибелер жасау;

Музыкалық қозғалыс ойындары;

Сурет салудың дәстүрден тыс әдістері.

VI. Қорытынды (5 минут)

«Бүгінгі Z ұрпағы – болашақтың жаңашыл ұрпағы. Олардың қызығушылықтарын түсіну – табысты тәрбиенің кепілі.»


ROBOTICS
TEAM

Казталовка ауданы Көктерек ауылы «Нұрхан» ЖК

«Балбөбек» жеке бөбекежайы

**Психологиялық тренинг және кеңес беру**

Тақырыбы:

# «Бөбекжайдағы адаптациясы»

Топ тәрбиешілері: Т.Т.Қабдықалықова

Т.Қ.Жұмағалиева

**2023-2024 оқу жылы**

**Психологиялық тренинг және кеңес беру**

**Тақырыбы: «Бөбекжайдағы бала адаптациясы»**

**Мақсаты:**

Ата-аналар мен тәрбиешілердің баланың балабақшаға бейімделу кезеңі туралы білімдерін кеңейту, бейімделу үдерісін жеңілдетуге арналған психологиялық қолдау көрсету.

**Міндеттері:**

Бейімделу кезеңінің ерекшеліктерін түсіндіру;

Баланың эмоционалдық жағдайын тануға үйрету;

Ата-аналарға тиімді кеңестер беру;

Тәрбиешімен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

**Тренинг барысы:**

**1. Амандасу (3 минут)**

«Шаттық шеңбері» Қатысушылар бір-біріне жылы тілек айтып, өз есімдерін атайды.

**2. Кіріспе (5 минут)**

Психологтың сөзі:

«Балабақшаға алғаш келген бала үшін бұл – жаңа орта, жаңа адамдар, жаңа ережелер. Сондықтан бейімделу кезеңінде әр бала әртүрлі сезімдерді бастан кешіреді. Ересектердің қолдауы – осы кезеңнің сәтті өтуінің басты кепілі.»

**3. Психологиялық жаттығу**

**«Менің балам қандай?» (10 минут)**

Қатысушылар өз балаларының жақсы қасиеттерін айтып, бір сөзбен сипаттайды.

**Талқылау:**

Балаңыздың қандай қасиеті оған бейімделуге көмектеседі?

Қандай қолдау қажет деп ойлайсыз?

**4. Ақпараттық бөлім**

«Бейімделу белгілері»

Бейімделу кезінде:

жылауы мүмкін;

ата-анасынан ажырағысы келмейді;

тәбеті төмендейді;

ұйқысы бұзылады;

көңіл күйі өзгеруі мүмкін.

**Бұл – уақытша қалыпты құбылыс.**

Кеңес беру

Ата-аналарға ұсыныстар:

**Баланы бөбекжай мен алдын ала таныстырыңыз.**

Таңертең асықпай, тыныш шығарыңыз.

Қоштасуды қысқа әрі сенімді жасаңыз.

**Баланы міндетті түрде мақтап, жетістігін атап өтіңіз.**

Тәрбиешімен үнемі байланыста болыңыз.

Үйде тұрақты күн тәртібін сақтаңыз.

**5. Рефлексия**

«Жүрек жылуы»

Қатысушылар жүрек пішінді қағазға бүгінгі кездесуден алған әсерін немесе тілегін жазады.

**Қорытынды**

**Психологтың қорытынды сөзі:**

«Әр баланың бейімделу қарқыны әртүрлі. Ең бастысы – ата-ананың сабырлылығы, тәрбиешінің мейірімділігі және балаға деген сүйіспеншілік. Осындай қолдау арқылы бала балабақшаға қуана келетін болады.»

**Ұраны: «Балаға сенім сыйлайық – сонда ол жаңа ортаға сеніммен қадам басады!»**



